

**Зеленов ауданы Көшім ауылдық округінің Колесов елді мекеніне карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 қазандағы № 421 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 27 қазанда № 7-7-118 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 471 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010.11.29 № 471 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы, 2 тармағы, 9 тармақшасын басшылыққа алып және Зеленов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2010 жылғы 19 қазандағы № 1-11-993 ұсынысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеленов ауданы Көшім ауылдық округінің Колесов елді мекеніне қарасан ауруы анықталуына байланысты карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. И б р а г и м о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі* *Ғ. Қапақов*